

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық технологиялық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

Есен Орынбек Қайратұлы

*Triticum aestivum* L. дақылының каллус клеткаларының суспензиялық  
культурасы

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070100-«Биотехнология» мамандығы

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық технологиялық зерттеу университеті  
Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты  
Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы



### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

«*Triticum aestivum* L. дақылының каллус клеткаларының суспензиялық  
культурасы»

5B070100 – «Биотехнология» мамандығы

Орындаған

Есен О.Қ.

Пікір беруші;

Фылыми жетекші:

Резидент

б.ғ.д. профессор

Доктор PhD

Анапияев Б.Б

Абдулла Н.  
«26» 05 2022ж.

«26» 05 2022ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазак ұлттық технологиялық зерттеу университеті

К. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

5B070100 – «Биотехнология»

**БЕКІТЕМІН**



Дипломдық жұмыс орындауда

**ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Есен Орынбек Қайратұлы

Такырыбы «*Triticum aestivum* L. дақылының каллус клеткаларының суспензиялық культурасы»

Университет Ректорының 2021 жылғы “24” 12 №489-п/ө бүйрекімен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі “25” 05 2022 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері Диплом алды өнеркәсіптік практикан алынған материалдар

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- 1) Бидай дақылы (*Triticum aestivum* L.) сомалық клеткаларын *in vitro* жағдайында өсіру динамикасын зерттеу;
- 2) Бидай дақылы (*Triticum aestivum* L.) генотиптерін зертханалық жағдайда зерттеп, *in vitro* сомалық жасуша культурасында морфогенді каллустарды қалыптастыру;
- 3) Алынған зерттеу нәтижелерінің практикалық бағалау.

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 14 атап

Дипломдық жұмысты дайындау

**KESTEСI**

Бөлімдер атауы, карастырылған мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кенесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиетке аналитикалық шолу	Қантар	Орындалды
Материалдар мен әдістер	Ақпан	Орындалды
Зерттеу қорытындылары: лабораториялық жұмыстар	Наурыз	Орындалды

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кенесшілері мен норма бақылаушыларының  
аяқталған жұмысқа қойылған

**колтақбалары**

Бөлімдер атауы	Кенесшілер аты, экесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атагы)	Қол көйілған күн	Қолы
Норма бақылау	Анапияев Б.Б. б.ғ.д. профессор	25.05.2022	

Ғылыми жетекші б.ғ.д. профессор  Анапияев Б.Б.

Тапсырманы орындауга алған білім алушы  Есен О.Қ.

Күні «25» 05 2022 жыл



Report has not been evaluated.

## Metadata

Title  
**2022 БАК Есен Орынбек.docx**

Author(s) Promoter  
**Есен Орынбек** **Бакытжан Аналыев**

Organizational unit  
**ИГиНГД**

### List of possible text manipulation attempts

In this section, you can find information regarding text modifications that may aim at temper with the analysis results. Invisible to the person evaluating the content of the document on a printout or in a file, they influence the phrases compared during text analysis (by causing intended misspellings) to conceal borrowings as well as to falsify values in the Similarity Report. It should be assessed whether the modifications are intentional or not.

Characters from another alphabet		2
Spreads		0
Micro spaces		0
White characters		0
Paraphrases (SmartMarks)		0

### Record of similarities

Please note that high coefficient values do not automatically mean plagiarism. The report must be analyzed by an authorized person.



SC1



SC2



QC

**25**

The phrase length for the SC 2.

**10052**

Length in words

**47783**

Length in characters

### Active lists of similarities

Scroll the list and analyze especially the fragments that exceed the SC 2 (marked in bold). Use the link "Mark fragment" and see if they are short phrases scattered in the document (coincidental similarities), numerous short phrases near each other (mosaic plagiarism) or extensive fragments without indicating the source (direct plagiarism).

#### The 10 longest fragments

Color of the text

NO	TITLE OR SOURCE URL (DATABASE)	NUMBER OF IDENTICAL WORDS (FRAGMENTS)
<b>from RefBooks database (0.00 %)</b>		
NO	TITLE	NUMBER OF IDENTICAL WORDS (FRAGMENTS)
<b>from the home database (0.00 %)</b>		
NO	TITLE	NUMBER OF IDENTICAL WORDS (FRAGMENTS)
<b>from the Database Exchange Program (0.00 %)</b>		
NO	TITLE	NUMBER OF IDENTICAL WORDS (FRAGMENTS)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТИ

К. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты  
Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасының 4 курс студенті  
**Есен Орынбек Қайратұлының**  
**«Triticum aestivum L. дақылының каллус клеткаларының супензиялық**  
**культурасы»** атты дипломдық жұмысына

### ФЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Дипломдық жұмыстың іске асыру мақсаты зерттелетін дақылдың оқшауланған клеткаларымен жұмыс жүргізу кезінде асептикалық жағдайларды қамтамасыз ете отырып, дақылға қолданатын материалдарды менгеру, сонымен катар залалсыздандыру әдістерін қолданып тұқым алу және каллусты жетілдіру болып саналады. Осы бағытта орындалған Есен Орынбектің дипломдық жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, суреттер мен кестелерден және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Дипломның бірінші тарауында Triticum aestivum L. дақылына жалпы шолу туралы мәліметтер берілген. Екінші тарауда стерилизациялық жағдайды қамтамасыз ету және оқшауланған сомалық жасушаларды өсіруге арналған коректік орталар туралы толық сипаттама берілген.

Дипломдық жұмыстың үшінші тарауында Triticum aestivum L. бидай дақылының соматикалық клеткаларын бөліп алу және қоректік ортаға отырғызу туралы жазылған.

Есен Орынбек дипломдық жұмысты дайындау барысында фылыми кордагы бар әдебиеттерді пайдаланып, биотехнологиялық жұмыстардың әдістері мен заманауи аспаптардығы жаңа технологияларды қолданып, оларды игеріп, іс жүзінде пайдалана алғынын көрсете білді. 2019-2020 оку жылында ҚазҰТЗУ-га окуға тіскен О.Есен төрт жыл оку барысында «өте жақсы» деген білім көрсетті. Келешекте де алған теориялық білімін өндірісте қызмет аткарып өзін көрсете білетініне сенімдімін. Сондықтан Есен Орынбек Қайратұлы дипломдық жұмысын барлық стандарттық талаптарға сай, жоғары деңгейде орындалған, «**Өте жоғары**»(95 %) деген бағага ие және «Биотехнология» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін беруге әбден лайықты деп есептеймін.

Дипломдық жетекшісі, б.ғ.д. профессор  **Б.Б.Анапаяев**

«26» наурыз 2022 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық технологиялық зерттеу университеті

**СЫН-ПІКІР**

Дипломдық жұмыс

**Есен Орынбек Қайратұлы**

5B070100 – «Биотехнология»

Тақырыбы: «**Triticum aestivum L. дақылының каллус клеткаларының супензиялық культурасы**»

Аяқталды:

- A) Презентация 10 слайддан тұрады;
- B) Дипломдық жұмыстың түсініктеме беті 35 бет.

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША ЕСКЕРТУЛЕР**

Дипломдық жұмыста Бидай дақылы (*Triticum aestivum L.*) сомалық клеткаларын *in vitro* жағдайында өсіру динамикасын зерттеу нәтижелері көрсетілген. Жұмыста аздаған грамматикалық қателітер бар.

**ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ**

Есен Орынбектің дипломдық жұмысы мен презентациясының жан-жақты талдай келе, диплом жұмыстың тақырыбына сәйкес, барлық стандарттық талаптарға сай орындалған. Жалпы жұмысты **90%** - «**Өте жақсы**» деп бағалаймын.


Пікір беруші: М. А. Айтхожин атындағы молекулалық биология және биохимия институтының молекулярлық иммунология және иммунобиотехнология зертханасының агағының қызметкері, PhD докторы

  
Абдолла Нұршат  
(аты, жөні, тегі)

«26 » 05 2022 ж.



КазНИТУ 704-24. Рецензия



## **АНДАТПА**

«Triticum aestivum L. дақылының каллус клеткаларының сүспензиялық күльтурасы» дипломдық жұмыстың қағаз түріндегі көлемі 35 беттен, кіріспеден, 3 бөлімнен, 7 суреттен, 1 диаграммадан, 2 кестеден және қорытынды бөлімнен, 15 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түйін сөздер: Triticum aestivum L., сүспензиялық культура, тозаңдар, жаздық бидай, каллус.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Зерттелетін дақылдың оқшауланған клеткаларымен жұмыс жүргізу кезінде аsepтикалық жағдайларды қамтамасыз ете отырып, дақылға қолданатын материалдарды менгеру, сонымен қатар залалсыздандыру әдістерін қолданып тұқым алу және каллусты жетілдіру болып саналады.

Жұмыстың алға қойған міндеттері:

- 1) Бидай дақылы (*Triticum aestivum L.*) сомалық клеткаларын *in vitro* жағдайында өсіру динамикасын зерттеу.
- 2) Бидай дақылы (*Triticum aestivum L.*) генотиптерін зертханалық жағдайда зерттеп, *in vitro* сомалық жасуша күльтурасында морфогенді каллустарды калыптастыру.
- 3) Алынған зерттеу нәтижелерінің практикалық бағалау.

## **АННОТАЦИЯ**

Суспензионная культура каллусных клеток «*Triticum aestivum L.*» объем дипломной работы в состоит из 35 страниц, введения, 3 разделов, 7 рисунков, 2 таблиц и 1 диаграмм, заключительной части и 15 списка использованной литературы.

Ключевые слова: *Triticum aestivum L.*, суспензионная культура, яровая пшеница, пыльник, каллус.

Актуальность исследовательской работы: при работе с изолированными клетками исследуемой культуры предусматривается усвоение материала, применяемого к культуре, с обеспечением асептических условий, а также получение семян с применением методов обеззараживания и усовершенствование каллуса.

Задачи работы:

- 1) Пшеничная культура (*Triticum aestivum L.*) изучение динамики культивирования соматических клеток в условиях *in vitro*.
- 2) Пшеничная культура (*Triticum aestivum L.*) изучение генотипов в лабораторных условиях и формирование морфогенных мозолей в культуре соматических клеток *in vitro*.
- 3) Практическая оценка полученных результатов исследования.

## **ANNOTATION**

The suspended culture of callus cells of *Triticum aestivum L.* the volume of the thesis consists of 35 pages, an introduction, 3 sections, 7 pictures, 2 tables and 1 diagram, the final part and 15 references.

Keywords: *Triticum aestivum L.*, suspension culture, spring wheat, anther, callus.

Relevance of the research work: when working with isolated cells of the culture under study, it is envisaged to assimilate the material applied to the culture with aseptic conditions, as well as obtaining seeds using disinfection methods and improving the callus.

Tasks of the work:

- 1) Pschenichnaya culture (*Triticum aestivum L.*) study of the dynamics of somatic cell cultivation in vitro.
- 2) Pschenichnaya culture (*Triticum aestivum L.*) study of genotypes in laboratory conditions and the formation of morphogenic corns in the culture of somatic cells in vitro.
- 3) Practical evaluation of the results of the study.

## **МАЗМҰНЫ**

KІРІСПЕ	12
1 Әдебиетке шолу	13
1.1 Triticum aestivum L. дақылының маңызы мен пайдасы	13
1.2 In vitro арқылы өсімдік клеткаларын өсіру	16
1.3 Бидайдың өсуіне әсер еткізетін орта	18
1.4 Triticum aestivum L. дақылының каллус клеткаларының сүспензиялық күлтурасы	19
1.5 Донорлы өсімдіктің өсу жағдайы	21
2 Материалдар мен әдістер	22
2.1 Стерилизациялық жағдайларды қамтамасыз ету	22
2.2 Оқшауланған тозандарды өсіруге арналған қоректік орталар	25
3 Зерттеу нәтижелері	28
3.1 Triticum aestivum L. бидай дақылының соматикалық клеткаларын беліп алу және қоректік ортаға отырғызу.	28
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ	35

## **КІРІСПЕ**

**Зерттеу мақсаты:** *Triticum aestivum L.* дақылының каллус клеткаларының супензиялық культурасы.

**Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылады:**

- 1) Бидай дақылы (*Triticum aestivum L.*) сомалық клеткаларын *in vitro* жағдайында өсіру динамикасын зерттеу;
- 2) Бидай дақылы (*Triticum aestivum L.*) генотиптерін зертханалық жағдайда зерттеп, *in vitro* сомалық жасуша культурасында морфогенді каллустарды қалыптастыру;
- 3) Алынған зерттеу нәтижелерінің практикалық бағалау.

Қазақстан бидайды өндіруші елдердің бастапқы ондығына кіреді, осыған байланысты жоғары өнімді және қоршаған ортандық абиотикалық факторларына төзімді сорттар шығару бойынша зерттеулер қарқынды жүргізуі керек. Селекционерлерге калассикалық әдістерді қолдана отырып жаңа сорттарды шығару үшін кемінде 12-15 жыл қажет. Бұл ұзақ уақытты қысқарту үшін биотехнологияның әдістері қолданылады.

Осы жағдайға байланысты жаздық жұмысқаң бидайдың (*Triticum aestivum L.*) окшауланған микроспоралық культурасында эмбриоидогенез процессинің жиілігіне әсерін тигізетін факторларды зерттеуге арналған біздің зерттеуіміздің тақырыбы өте өзекті.

## **1 ӘДЕБИЕТКЕШОЛУ**

### **1.1 Triticum aestivum L. дақылының маңызы мен пайдасы**

Жұмсақ жаздық бидай (*Triticum aestivum* L.) қарапайым бидай, жұмсақ. Өсімдіктің биіктігі 50-100 см жетеді, кейде 180-см дейін жететін түрлері бар. Хромосома саны:  $2n=42$ . Бидай дәннің формасы жұмыртқа тәріздес, ұрыққа қарама-қарсы жағында анық айдары болады. Колеоптиль, ұрық және түйін тамырлары бар. Ылғалдану жағдайында қанығуы қарқынды, сондай-ақ әлсіз аяз бер құрғақшылыққа төзімділіктің әсері жақсы. Гүл шоғы-күрделі масақ. Ол колосқадан және өзекшеден тұрады. Әрбір масақта 2 масақ және оның 3-4 гүлі бар. Колосқадағы дамыған гүлдердің саны 5-6-ға жетуі мүмкін. Жақсы дамыған масақтар масақтың ортасынан төмен орналасады. Салмағы: 1000 дәннің салмағы 20-50-ден 70 г-ға дейін. Масақтың гүлденуі 3-4 күнге созылады және орташа ауа температурасынан қажет. Жұмсақ жаздық бидай біздің заманымызға дейінгі 7-6 мыңжылдықтан бастап Түркия, Ирак, Иран, Сирія, Түрікменстан, Закавказье, біздің заманымызға дейінгі 6-2 мыңжылдықтан бастап Еуропаның батыс елдерінде, біздің заманымызға дейінгі 1 мыңжылдықтан бастап Солтүстік Кавказда, біздің заманымыздың 4 – 5 ғасырынан бастап таралған Балтық жағалауы аумағында және Белоруссия жерлерінде кеңінен таралған. Ал Оңтүстік Америкаға болса 1528 жылдан бастап, АҚШ аумағында 1602 жылы, Австралияда 1788 жылы, Канадада оны 1802 жылдан бастап өсіре бастады.[1]

Жұмсақ бидай өте полиморфты. Суыққа төзімді сорттардың көшеттері көктемде ауа температурасының қыска мерзімді төмендеуіне  $-10^{\circ}$  С - қа дейін шыдай алады. Вегетациялық кезеңде жаздық бидай үшін орташа тәуліктік ауа температурасының мөлшері кемінде  $1300^{\circ}$  С қажет. Дақыл ылғалмен қамтамасыз етуді қажет етеді, өсіресе тұтікке кіру кезінде-астық құю, бірақ жаздық бидаймен салыстырғанда құрғақшылыққа оңай төзеді. Вегетациялық кезең 70-110 күнді құрайды. Өсімдіктер топырақтың жоғары қышқылдығына тәзбейді және тұздануға аз сезімтал. Ең жақсы топырақ - қаражерлер, қосытылған топырақтарда тыңайтқыштар қолданылған кезде жақсы өнім алынады. Барлық бидай әдетте өсімдіктердің алғашқы 20-30 күнінде баяу және әлсіз өсүмен сипатталады. Жоғары ауа температурасы құрғақ және ыстық желмен бірге өсімдіктердің тез кебуіне әкеледі. Ыстық құрғақ жел өсіресе астық құю кезінде қауіпті. Құрғақ ыстық желдің жылдамдығы секундына 5 м-ден асатын жаздық бидай өсірілетін жерлерде, әдетте, өсімдіктер жұмсақ дәнді құрайды. Көптеген сорттар қыска қүнге вегетациялық кезеңнің ұлғаюымен жауап береді (масақ фазасының басталуы баяулайды), дегенмен күннің ұзындығына бейтарап

формалар бар. Тозандану мүмкін, өйткені өсімдік ашық гүлдейді. Антерлер жабық гүлде ашылады, бірақ олардағы тозандың бір бөлігі қалады. Гүл ашылып, антериялар шыққаннан кейін, оларда қалған тозаң желмен тасымалданады. Гүлдену құлақтың ортаңғы бөлігінде басталып, оның негізі мен жоғарғы жағына тарапады. Спикелеттің төменгі гүлдері бірінші болып гүлдейді. Содан кейін екінші және т.б. Орташа жылы аяа-райында құлақтың гүлденуі 3-4 күнге созылады. Ол белгілі бір ырғакқа бағынады және таңғы 5-6 - да басталады. Ортаңғы аймақтағы ең ұзак 8-10 сағатта болады, содан кейін құлдырау байқалады, содан кейін екінші ұзактық және гүлденудің біртіндеп төмендеуі байқалады. Климат неғұрлым ыстық болса, соғұрлым бірінші ұзактық және кейінірек - екінші (жылу төмендеген кезде) байқалады. Жалғыз гүлдер түнде ашылады. Бұлтты, салқын аяа-райында гүлдену біркелкі тегістеледі. [2]

Бидай әлемдегі ауыл шаруашылығының барлық салаларын қамтиды. Ресейде жаздық бидай барлық жерде және қара топырақты жерде Солтүстік Кавказда кең ауқымда өсіріледі. Көбінесе наң пісіру үшін, ұн тарту үшін колданылады және оны 14% ылғалдықта сақтайды. Жаздық бидай *Triticum aestivum* (қызыл дәнді, қатты дәнді) *Астана 2, Алтай, Казахстанская 15, Ақмола 2, Карагандинская 22, 70, Әлем, Кабалыкская 90, Жеңіс, Омская 18, 19, 24, 29, Шортандинская 95, Саратовская 29* сорттары наубайханалық бағытта пайдаланылады.



1 Сурет – Бидай дақылы (*Triticum aestivum L.*)

Қарапайым бидай (*Triticum aestivum L.*) дүние жүзіндегі ең маңызды ұш дәнді дақылдың бірі болып табылады, дүние жүзіндегі негізгі тағамның 35% жуығын құрайды. Сонымен қатар, бидай адам тағамындағы ақуыздың маңызды көзі ретінде де қызмет етеді. Өсімдік жасушаларының өсуі жасуша қабыргасымен тығыз байланысты, ол ішкі тургор қысымына төтеп беріп қана

қоймай, өсімдіктің өсуі кезінде жасушаның ұзаруын қамтамасыз етуі керек Экспансиндер - өсімдіктердің жасушалық қабырғасын әлсірететін ақыздар, олар жасушаның өсуіне және басқа да даму процестеріне, сондай-ақ әртүрлі абиотикалық стресстерге қатысады. Осылайша экспансиндер өсу мен дамуда маңызды рөл атқарады. [3]

Бидай әлемдегі ең маңызды ауыл шаруашылығы дақылдарының бірі болып табылады. Дүние жүзіндегі халық саны арткан сайын бидайға сұраныс арта береді. Табиғи ресурстар шектеулі болғандықтан, сұранысты қанағаттандыру үшін өнімділік пен сапаны үнемі жақсарту маңызды. Бидайдың генетикалық жақсаруына үлкен үлес қосқан кәдімгі селекция пайдалы генетикалық ресурс ретінде шектеулерге ие. Гендік инженерия бидай ұрықтарына туыссыз организмдерден бөгде гендерді енгізуге мүмкіндік береді және шексіз генофондты қамтамасыз етеді. Гендік инженерия арқылы генетикалық жетілдірудің сәттілігі өсімдік геномына белгілі бір бөтен гендердің бір немесе аздаған көшірмелерін енгізуіндегі тиімді процедурасына байланысты.[4]

Қазақстандағы генетика (селекция) саласындағы ғалымдар еліміздің күрделі экологиялық жағдайларына бейімделген жаздық және жаздық бидайдың қатты және жұмсақ сорттарын, арпаны және т.б. дақылдардың сұрыптау бағытында тиімді жұмыстар жасап келеді.

Елімізге белгілі селекционерлер Н.Л. Удольская, Л.В. Пименова, еңбектері О. Шегебаев, Р.А. Уразалиев, К.К. Шулембаева, Б.С. Сариев, А.А. Грязнов және т.б. генетико-селекциялық ізденістерінде жалғасын тапты.

Еліміздегі дәнді дақылдардың өнімін арттыруда физиология ғылымдарының үлесі өте көп. Бұл салада астық тұқымдас дақылдардың экологиялық тәзімділігі мен тұрақтылығының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеген және нәтижелері практикаға енгізілген Л.К. Мамонов, Ф.А. Полимбетованың еңбектерін атап айтуда керек.

Селекциялық материалдардың сапасын бақылаудың биохимиялық әдістерін, және дән сапасының маңызды қасиеттерін биохимиялық жағынан болжай әдістерін жасауда Б.Т. Надиров, Ю.В. Перуанский, А.И. Абуғалиева, Г.М. Морунова көптеген үлестерін қости десек те болады. Елімізде, көптен бері селекциялық ізденістерді жылдамдату еліміздегі өсімдіктер генофондың корғау, сактау максаттарында астық дақылдарының биотехнологиясы бойынша зерттеулер И.Р.Рахимбаевтың жетекшілігімен жүргізіледі. [5]

## 1.2 In vitro арқылы өсімдік клеткаларын өсіру

Клетканы *in vitro* өсіру деген тұжырымға өсімдіктен бөлініп алынған үлпаларды, клеткаларды, мүшелерді қоректік ортада заласыздандырылған жағдайларда өсіру болып табылады. XX ғасырдың 30-шы жылдары Фей Уайт пен Роджер Готре *in vitro* клеткаларында нәтижелі өсімдік өсіру жұмыстарын бастаған еді. Өсімдіктердің тірі клеткалары қоректік ортада тотипатенттік қасиетін көрсетеді, және өсімдіктің бөлігін эксплант деп атайды. Регенерант деп *In vitro* жағдайында пайда болған өсімдіктің тамыры мен өркені жетілген өсімдікті айтады.

Клетканың генетикалық потенциялын жүзеге асыру қасиеті тотипатенттілік деп аталады. Тотипатенттілік қасиеті туралы гипотезаны белгілі ғалым Готлиб Габерландтың есімімен байланыстырады, және бұл тәжірибелі ең алғашқы рет 1902 жылы Габерлант жүргізді, ал Уайт оқшауланған тамырларды жасанды ортада өсіріп, олардың дамуын 1930 жылы байқайды. Бұл әдіспен сәбіздің тамырынан бөлінген бөліктерді стирильді жасанды ортада жетілдіру арқылы каллус үлпасы өсірілген. Бірегей паренхима клеткаларынан каллус тұрады. Осы факторлардың әсерінен түрлі тканьдер пайда болады және каллус дифференциацияланады. Каллустың өсірілуі арқылы клеткалардың өсірілуіне, дамуына көректі витаминдер, гармондар және қоректі заттардың әсерлері зерттеледі [6].

*Каллус* – дегеніміз клеткалардың ретсіз бөліну нәтижесінде пайда болған үлпанаң ерекше бір түрі. Барлық өсімдіктердің жасушалары белгілі бір жағдайда өсіп, дами алады. Бұл әдіс тотипотенттік қасиет деп аталады. Тотипотенттік қасиет өсімдіктерге ғана тән, бірақ жануарларға мүлдем тән қасиет емес.

Жасушалардан ферменттердің әсерімен протопластарды өсіру және оларды бөліп алу әдісі маңызды бір тарихи кезең болды. Протопластарды өсіру гендік инженериясы деген және өсімдіктер биотехнологиясының клеткасы деген маңызды бағыттарының негізін қалады. Биотехнология объектілер мен биологиялық процестерді пайдалануға негізделген, экологиялық және экономикалық жағынан тиімді, Жақсы өнімділігі бар және маңызды заттар өндіру организмдерді шыгаратын ғылымдармен өндірістердің жаңа бағыттарының бірі болып саналады. Биотехнологияның күрделі салаларының бірі өсімдіктер биотехнологиясы болып табылады. Оның ішінде өсімдік клеткаларын жасанды қоректік орталарда өсіру әдістері жатады. [4].

XIX ғасырда өсімдіктің жеке дара мүшелері мен бөлшектері алғаш өсіре бастаған немістің ғалымдары Х.Фехтинг мен К.Рехингер болатын. Сол уақытта өсімдіктің 11 клеткасын өсіру идеясы жануарлар физиологиясын зерттеп жүрген

ғалымдардың назарын өзіне аударды. 1922 жылы Германияда В.Котте және АҚШ – та В.Роббинс клетка өсіруде айтарлықтай табысқа бір уақытта ие болды. Олар меристема ұлпаларын пайдаланған. Ф.Скуг әріптерімен бірге ашытқы – дан физиологиялық активті зат бөліп алды. Ол клетка бөлінуін үдегетін заттар, яғни кинетин болды. Кинетин өзінің кинетикалық жағынан аденинге жақын пуриндік негіз болып есептеледі. Осы сияқты физиологиялық әрекетшіл заттар тобына цитокиндер жатады. Т.Мураси мен Ф.Скуг 1962 жылы өздерінің ғылыми жаңалықты ашу арқасында барлығына таныс қоректік ортасын дайындады.

*In vitro жағдайында клеткаларды өсірудің негіздері мен әдістері*

Клеткалардың өсірілуі үшін құрал жабдықтарды, қоректік ортаны, экспланты, ыдыстарды алдын-ала автоклавта залалсыздандыру керек. Өсімдіктен экспланты бөліп алушы және оны қоректік ортаға отырғызу жұмыстарын ламинар боксте жүргіземіз. Бұл бокстің ішіне фильтрден өткізіліп, микроор – ганизмдерден тазартылған ауа бәріліп тұрады және әртүрлі микробтардан және т.б. қорғайтын ультракүлгін шамы бар. Өсімдік клеткалары, мүшелері мен ұлпаларының өсуіне қоректік орта және де басқа да жағдайлар әсер етеді. Клетканың өсуіне әсер ететін бірден-бір фактор ол жарық болып табылады. *In vitro* өсірілетін өсімдік клеткасында жасыл пигмент хлорофил түзілмейді. Соңдықтан да олар фототрофты емес гетеротрофты түрде қоректенеді. Клетканың өсуіне аэрацияның да әсері зор. Аэрация болмаса суспензияның өсуі мүмкін емес. Клеткаларды өсірген кезде қоректік ортаниң осмос қысымын ескеруіміз керек. Жоғары осмос қысымы клетканың қоректік заттарды сіңіруін киындалады. Ортадағы осмос қысымын бір калыпты күйінде сактау маңызды, әсіресе протопластарды өсіргенде және оларды бөліп алғанда маңызды. Осмос қысымын бірқалыпты реттейтін заттың концентрациясы физиологиялық күйіне және өсімдіктің түріне байланысты жеке іріктеліп алынады.

*In vitro* жағдайында клеткаларды өсіру қазіргі уақытта барлығына таныған әдістердің бірі және барлық дүние жүзінде өсімдік биологиясыда түпкілікті және іс жүзінде қолданбалы мәселелерін шешуде кеңінен пайдаланылады. Биологияның соңғы 20 жылдағы жетістіктері дами бастауына себеп болды.

Биологиялық объектілер процестер мен процестеді пайдалануға негізделген экономика жағынан тиімді де маңызды заттарды өндіру және жоғары өнімділігі бар микроорганизм штамдарын алу, өсімдік сорттарымен формаларын, жануарлардың асыл тұқымдарын шығаратын өндірістің жаңа бағытын биотехнология әдістерінің негізгі әдісі және мақсаты болып табылады. Биотехнологияның әдістеріне микроорганизмдер, жануар және өсімдік

клеткалары, клеткалық және гендік инжерияның әдістермен істелген жасанды тіршілік формалары қолданылады.[7]

Микроспоралар *in vitro* жағдайларында әр түрлі болады. Алғашқы дамудың гаметофитті жолдан спорофит жолға өтеді және эмбриоид түзіледі. Содан соң қаллус қалыптастырады және ол дедифференцияланады. Үшінші гаметогенез жолымен дамуын жалғастырады. Төртінші микроспоралардың бірнешеуі деградацияланады және өледі. Оқшауланған тозандарды культураланған кезде бір ядролы микроспоралардың 4 даму жолы бар дейді:

1. Микроспоралардың бөліну нәтижесіне спорофит дамуға қабілетті 2 клеткалар құрылады. Осы жағдайда генеративті және вегетативті клеткалардың қалыптасуы жүзеге асырылмайды.
2. Микроспора бірдей тең емес бөлінуі нәтижесінде генеративті және вегетативті клеткаларды қалыптастырады. Спорофитті вегетативті клетканың келесі дамуы қалыптасады және генеративті жасуша дегенерацияланады.
3. Микроспора бөліну кезінде генеративті және вегетативті жасушаларды қалыптастырады. Спорофит тек қана генеративті клеткаларды қалыптырады.
4. Микроспора бөліну кезінде генеративті және вегетативті жасушаларды қалыптастырады. Спорофитті генеративті де, вегетативті де клеткалардан қалыптырылады. [8]

### 1.3 Бидайдың өсуіне әсер еткізетін орта

Бидайдың дамуы мен өсуі көптеген қоршаған орталар факторларын және соның ішінде ынғайсыз температуралы, вегетациялық кезеңдегі температуралың жеткіліксіз мөлшерін, жарық пен ылғалдың жетіспеушілігін, күннің қысқа ұзақтығын және топырақтың химиялық және физикалық қасиеттерін баяулату мүмкін. Сонымен қатар, бидай дақылы ауа райының құбылыстарымен тоқтауы мүмкін, мысалы айта кетсек аяз, өсімдік дамуы кезеңдерінде қатты жоғары температуралың кесірінен стресс және т.б. фермерлер бұл жағдайды басқара алмайды. Алайда агротехникалық шараларды дұрыс қолдану және жоспарлау және өсімдіктен көп пайда алу үшін біз осы жағдайды бір жылдағы немесе егін еgetін аймақтағы егінге қандай шектеулер қоятынын білуіміз керек. [10]

Топырақ бетіне жақын тегістеу түйіннің пайда болуы, бұл өсімдіктің қыс мезгіліне тезімділігін азайтады. Күн сәулесі және температуралың төмендеуі алғашқы интеродтардың өсуін баяулатады. Дақылдарды жарықпен жарықтандыру тығыздыққа байланысты 1га-да өсімдіктің тұруы қалыннатылған дақылдар жарықтандыруды төмендейді. Өсімдіктер жарықтың әсерінен ерекше орын алады күннің ырғакты тұсуіне байланысты актиноритмиялық фактор

болып табылады. Бидай және де басқа да дәнді дақылдардың әр түрлі қысқы төзімділік уақыты кезеңнің ұзактығымен байланысты. Бидайлардың актиноритмиялық реакциясын ең алғашқы идеясы 1930-шы жылы қалыптасты. Жылдық дақылдардың өнімділігі жазда оң әсер етеді, және оларды себу кезінде ұзақ күн жарық факторына тиісті болады. Жазғы күзгі мезгілде қоныржай аймактардың онтүстік және солтүстік ендіктерінде бұрыш күннің ең жоғарғы нүктеде орналасуы көкжиек жаздың бірінші жартысынан аз. Тұн мен күннің ұзактығы, күн сәулесінің спектрлік құрамы жарық қарқындылығы және сәулелену, барлығы осындағы өзгерістерге өсімдіктер сезімтал әсер етеді. Егер де жылдық өсімдіктер ұзақ күн болса онда олар көктемде егіледі, содан кейін ол өсімдіктер табиғи ортада өседі. Егер осы жылдық дақылдар шілде айында егілсе, онда кейін жарық негізгі ретінде ол дақылдардың экологиялық факторы төмен болады. Сондықтан, жаз кезіндегі егісте жылдық өсімдіктер қамтамасыз етіледі, бірақ көктем уақытымен салыстырғанда ылғал жоғары болады.

Жаздық бидай өсімдіктері азотты тұтынуы өмірдің бастапқы күндерінен басталады да, астық жинау аяқталғанға дейін созылады. Яғни, фазада азот қабылдауы түтікке шығу кезеңінің 20%-ын құрайды яғни, масақтар 50-55%-ын құрасы, гүлденіп пісіп-жетілуі 5-10%-ды тұтынылатын азоттың максималды жоғарғы пайызы болады. [11]

#### **1.4 *Triticum aestivum* L. дақылымын қаллус клеткаларының супензиялық культурасы**

Каллус культурасы дедифференцияланған жасушалардан пайда болатын ұйымдастыран пролиферацияланатын тін. Закымдалған кезде өсімдікте «каллус» пайда болуы мүмкін. Бұл табигатта байқалатын табиғи процесс. Закымдану орнында тіннің бір бөлігі денемен бұрынғы байланыстарын жоғалтады және оларды қалпына келтіру үшін жасуша массасының ұлғаюы қажет. *In vitro* культурасының оқшауланған бөліктерінде (экспланттарда) да солай болады.

Жасушаның дедифференциациясының бірінші кезеңі оның фитогормондардың – ауксиндердің және цитокинидердің әсерінен болатын жасушалық циклге кіруімен байланысты. Жасуша өсуінің үш фазасы: 1 – бөліну, 2 – созылу, 3 – дифференциация (екінші реттік жасуша қабықшасының - қалындауы және бөліну қабілетінің жоғалуы). Дифференциалданған жасушалардың бөліну қабілетін қалпына келтіру үшін олардың дедифференциациядан өтуі қажет, яғни. жасушалар меристемалық күйге оралуы керек.



